**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 наурыз N 422. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы* N 1332 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 P000137_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., 56-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулыға 1-қосымшада: "271000270- Бензин физ.көлемі 271000360** (авиациялықтан басқа):

2-қосымшаға 0 Саудада жанама сәйкес салықтар "шыққан елі" принципі бойынша алынатын, Тәуелсіз Мемлекеттер физ. 2000 теңге/ Достастығына мүше көлемі 1 тонна мемлекеттерге экспортталатын бензиннен басқа " деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын: "271000270- Бензин физ.көлемі 80 евро/ 271000360** (авиациялықтан басқа):

2-қосымшаға 1 тонна Саудада жанама салықтар "шыққан елі" принципі бойынша алынатын, Тәуелсіз Мемлекеттер физ. 2000 теңге/ Достастығына мүше көлемі 1 тонна мемлекеттерге экспортталатын бензиннен басқа

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін Қазақстан Республикасының осы қаулының 1-тармағында көрсетілген акцизделетін тауарларға арналған акциздерге ставкаларын өзгертуі туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК